

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 ақпандағы N 228 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 18 желтоқсан N 228д

"Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңын іске асыру, сондай-ақ карантиндік объектілердің ошақтарын оқшаулау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 ақпандағы N 228 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 19-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақта:

реттік нөмірі 1-жолда:

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанда:

"91,2 мың литр гербицидтерді" деген сөздер "170 мың литрге дейін гербицидтерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шамамен 25 мың гектарға" деген сөздер "шамамен 32 мың гектарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Іске асырудың мерзімдері" деген 6-бағанда "1, 2-тоқсандар" деген сөздер "жыл бойында" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 31-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақта:

реттік нөмірі 2-жолда:

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанда:

"тіркелген пестицидтерді" деген сөздерден кейін ", соның ішінде пестицидтердің қорын құру үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

"шамамен 3,6 млн. га алаңда" деген сөздер "шамамен 2,8 млн. га алаңда" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Іске асырудың мерзімдері" деген 6-бағанда "1-3 тоқсан" деген сөздер "1-4-тоқсандар" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ